Павлодар облысы
білім беру басқармасының
«ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІ»
мемлекеттік мекемесі

Государственное учреждение
«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА
ПАВЛОДАРА»
управления образования
Павлодарской области

БҰЙРЫҚ

2026 № 05 қараша

Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

№ 1-03/491

город Павлодар

«Үздік қазақ тілі мұғалімі - 2026»
байқауын өткізу туралы

Білім беру бөлімінің жұмыс жоспарына және ҚР «Тіл туралы» Заңын жүзеге асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2026 жылдың 5-30 қараша аралығында «Үздік қазақ тілі мұғалімі-2026» байқауы өткізілсін.

2. «Үздік қазақ тілі мұғалімі - 2026» байқауын өткізу туралы ережесі және комиссия құрамы бекітілсін (1, 2, 3 - қосымшалар).

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау әдістемелік кабинет меңгерушісі Д. Бесмельдиноваға жүктелсін.

Бөлім басшысының м.а. **Г. Медиева**

Таныстырылды Бесмельдинова Д.З.

001370

Павлодар қаласы білім
беру бөлімінің
2026 жылғы «05» қараша
№ 1-03/494 бұйрығына
1- қосымша

«Үздік қазақ тілі мұғалімі - 2026» қалалық байқауының ережесі

1.Жалпы ережелер

«Үздік қазақ тілі мұғалімі – 2026» қалалық байқауын (бұдан әрі – Байқау) Павлодар қаласы білім беру бөлімінің әдістемелік кабинеті өткізеді.

Байқауға Павлодар қаласының жалпы орта білім беретін мектептері мен мектепке дейінгі ұйым педагогтері, жас педагогтер, педагог-модератор, педагог-сарапшы санатындағы қазақ тілі мұғалімдері қатысады. Байқауға қатысу үшін ұсынуды білім беру ұйымдары жүргізеді. Әрбір білім беру ұйымынан бір қатысушыдан (конкурсанттан) жіберіледі.

Байқаудың мақсаты:

ҚР «Тіл туралы» Заңының жүзеге асыру, педагогикалық тәжірибені анықтау және тарату, өмір бойы білім алуға ынталандыру, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін жетілдіру.

Байқаудың міндеттері:

1. Педагог қызметкерлердің кәсіби шеберлігін жетілдіру, дарынды педагогтерді анықтау, оларды қолдау және көтермелеу;
2. Оң имиджді қалыптастыру және қазақ тілінің беделін арттыру;
3. Білім беру процесін ұйымдастыруда заманауи технологияларды енгізуді дамыту және қолдау, педагогика ғылымы мен педагогикалық инновациялардың жаңа жетістіктерін насихаттау;
4. Инновациялық педагогикалық тәжірибені насихаттау және тарату.

2. Байқауды ұйымдастыру, тәртібі мен мазмұны

Қалалық байқауға әрбір білім беру ұйымынан **2026 жылғы 5-13 қараша аралығында** білім беру ұйымы басшысының қолы мен мөрі қойылған өтінім нысан бойынша жіберіледі.

Байқау 2 кезең бойынша өткізіледі.

Байқауды өткізу мерзімі: **2026 жылғы 16-30 қараша аралығында.**

1 кезең: Pitch-«Педагог-инноватор» презентациясы. (16-17.11.2026 ж.)

16.11.2026 – 15.00-18.00 (Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері және мектепке дейінгі мекемелердің қазақ тілі мамандары);

17.11.2026 – 15.00-18.00 (Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері және мектепке дейінгі мекемелердің қазақ тілі мамандары).

2 кезең: Ашық сабақ. (23, 24, 25 қараша 2026 ж.)

Педагогтерді аттестаттау қағидаларына **14-қосымша** сәйкес **Сабақты/қызметті бақылау және тексеру парағы** (ең жоғары ұпай саны - **102 ұпай**) мұғалімнің сабақ беру сапасын бағалауға арналған.

3. Байқауды өткізу тәртібі

I КЕЗЕҢ. Pitch-презентация «Педагог-инноватор» презентациясы **(ең жоғарғы ұпай саны - 20)**, ***2026 жылғы 16 - 17 қараша*** аралығында өткізіледі. (***Т1 қазақ** мектебі, **Т2** оқыту **орыс** сыныптарындағы қазақ тілі мұғалімдері және мектепке дейінгі ұйым педагогтері)* - өздерін және өз мамандықтарын, инновациялық идеяларды, педагогикалық тәжірибені жинақтау материалдарын, жұмыс нәтижелерін ұсынады. Өз жасаған презентацияларын қорғайтын болады, сөйлеу уақыты - **7 минут.**

Бағалау критерийлері (әр критерий үшін 5 ұпай):

1 Баяндама мазмұнының өзектілігі, жаңашылдығы, өз тәжірибесінің объективі арқылы тақырыпты ашу - **5 ұпай.**

2 Ұсынылған тәжірибенің тиімділігі (тиімділік, оқытуда жаңа тәсілдерді енгізудің оңтайлылығы, тұрақты жоғары көрсеткіштер және т.б.) - **5 ұпай.**

3.Шығармашылық, презентацияның өзіндік ерекшелігі, презентация мәдениеті- **5 ұпай.**

4.Шешендік өнер, сөйлеуді меңгеру мәдениеті, уақытты басқару - **5 ұпай.**

II КЕЗЕҢ Білім беру ұйымында пән бойынша сабақты ұйымдастыру (ең жоғарғы ұпай саны – 102 ұпай, ұйымдастырылған іс - әрекет сабақтары **(ең жоғарғы ұпай саны 80 - ұпай).**

Ашық сабақ жаңартылған білім беру мазмұны бойынша өткізіледі. Сабақтың тақырыбы қатысушының таңдауы бойынша қабылданады және 45 минутты құрауы керек. Мектепке дейінгі ұйымның қазақ тілі мұғалімдері ересек немесе мектеп алды тобында ұйымдастырылған іс-әрекетті көрсетеді. **23 қараша (қазақ мектебіндегі қазақ тілі мен әдебиеті Т1), 24 қараша күндері (орыс сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті Т2)** педагогтері және ***МДҰ қазақ тілі мұғалімдері 25 қараша*** күні ұйымдастырылған іс - әрекет сабақтарын өткізетін болады.

Мақсаты: оқу процесін ұйымдастырудағы мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін бағалау.

4. Байқаудың қорытындысын шығару

1. Байқау финалының қорытындысын қазылар алқасы шығарады.
2. Байқаудың қорытындысы бойынша келесі жүлделі орындар тағайындалады:

Бас жүлде (максималды балдан 95-100%)

I орын (максималды балдан 85 - 94%);

II орын (максималды балдан 79-84%);

III орын (максималды балдан 70- 78%).

Үш номинация («Үміт», «Ізденімпаз мұғалім», «Креативті педагог») айқындалады.

3. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлері қалалық білім беру бөлімінің дипломдарымен марапатталады.

Павлодар қаласы
білім беру бөлімінің
2026 жылғы «05» наурыз
№ 1-03/494 бұйрығына
3-қосымша

«Үздік қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі – 2026»
қалалық байқауына өтінім
(Excel онлайн бағдарламасында)

№ р/с	Мектеп, ұйымның атауы	Аты-жөні, тегі (толық)	Санаты	Мамандығы бойынша педагогикалық өтілі	Байланыс телефоны
1					